

Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 69 және Созақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 80 "Созақ ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы" бірлескен қаулысы және шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 20 маусымдағы № 121 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 маусымдағы № 119 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 маусымда № 6539-13 болып тіркелді

Созақ ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 69 және Созақ аудандық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 80 "Созақ ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы" бірлескен қаулысы және шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4051 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы және шешімнің 1-тармағының 1), 2), 3)-тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

1) Шолаққорған ауылдық округінің Шолаққорған елді мекенінің шекарасына (шегіне) Теріскей елді мекеннің 478 гектар жер учаскесін қосу арқылы, Шолаққорған ауылдық округінің Шолаққорған елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 1602 гектар шекарасында белгіленсін;

2) Созақ ауылдық округінің Созақ елді мекенінің шекарасына (шегіне) Шақырық елді мекеннің 203 гектар жер учаскесін қосу арқылы, Созақ ауылдық округінің Созақ елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 1223 гектар шекарасында белгіленсін;

3) Құмкент ауылдық округінің Құмкент елді мекенінің шекарасына (шегіне) Қызылқанат елді мекеннің 157,5 гектар жер учаскесін қосу арқылы, Құмкент ауылдық округінің Құмкент елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 432,7 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен Созақ ауданы әкімдігінің қаулысының және Созақ аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Созақ ауданы әкімдігінің қаулысы және Созақ аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ ауданының әкімі
Созақ аудандық мәслихатының төрағасы

М. Турысбеков
О. Жәмиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК